Г.К. Теменова
Ү. Қ. Айтақынова

# БАЗАЛЫҚ ШЫҒЫС ТІЛІ
## (Түрік тілі А1, А2 деңгейі)




Оқу құралы

ӘОЖ 811.512(075.8)
КБЖ 81(5Туц)я73
Т 33

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы ҚР БжҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтары бойынша Секциясы мәжілісі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған (№2 хаттама 23 мамыр 2014 ж.)*

**Пікір жазғандар:**

ф.ғ.д., профессор ***В.У. Махпиров*** (Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ)
ф.ғ.д., профессор ***Қ.С. Қалыбаева*** (Абай атындағы ҚазҰПУ)
ф.ғ.к., доцент ***Г.А. Бегімова*** (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

**Теменова Г.Қ., Айтақынова Ү.Қ.**
Т 33 Базалық шығыс тілі (Түрік тілі А1, А2 деңгейі): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 203 б.
**ISBN 978-601-04-0632-2**

Бұл оқу құралы түрік тілінің бастапқы деңгейін үйренетін топтарға арналған. Еңбекте түрік тілінің әліпбиінен бастап, грамматикалық ерекшеліктері, оның ішінде зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, т.б. сөз таптарының жасалуы мен қолданылу ерекшеліктері, лексика-грамматикалық категориялары мен түрлері кестелер мен схемалар арқылы көрсетілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарында оқитын студенттер мен түрік тілін үйренуші көпшілік қауымға арналады.

Базалық шығыс тілі (Түрік тілі А1, А2 деңгейі) атты бұл оқу құралының 1-7 бөлім тақырыптары (4-107 беттер) гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы Г.Қ. Теменова, 8-15 бөлім тақырыптары (108-202 беттер) аға оқытушы Ү.Қ. Айтақынова тарапынан жазылған.

**ӘОЖ 811.512(075.8)**
**КБЖ 81(5Туц)я73**

ISBN 978-601-04-0632-2

© Теменова Г.Қ., Айтақынова Ү.Қ., 2014
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

## АЛҒЫ СӨЗ

«Базалық шығыс тілі» (түрік тілі А1, А2 деңгейі) кітабы түрік тілін бастапқы деңгейде үйренушілерге арналған оқу құралы ретінде жазылды. Кез келген оқу құралы  немесе оқулық болсын аса жауапкершілікті керек ететін шығармашылық жұмыс екені белгілі.

Ұсынылып отырған оқу құралын жазу барысында түрік әдіскер ғалымдарының, ТӨМЕР тіл үйрету орталығы жүйесінің тәжірибелеріне, оқыту теориясына, тіл үйрену жүйесін басшылыққа ала отырып, алғаш рет тілдік жаттығуларға қатысты жүйе, жүйелік ұстанымын енгізуге тырыстық.

Оқу құралы он бес үлкен тақырыптан тұрады. Онда тілдің грамматикасы, жаттығу жұмыстары, тақырып бойынша мәтін, сұхбат, өлеңдер мен  мақал – мәтелдер, сергіту жұмыстары, қызықты әңгімелер, тест тапсырмалары берілді.

Оқу құралы мәтінмен кешенді жұмыс түріне негізделген. Тілді оқыту жұмысының көпшілігі мәтін арқылы жүргізіледі.

Оқу құралында тілді үйренуші тіл үйрену кезінде арнаулы жаттығулар орындай отырып, өз білімін тест тапсырмалары арқылы шыңдай алады.

Оқу құралын оқу барысында үйренуші  тілдің грамматикасын үйренумен қатар, түрік тілінің мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерімен де танысып отырады. Бұл сөздік қорын барынша кеңейтуге үлкен мүмкіндік береді. Үйре-нуші әр саладан хабары болуы үшін де "Сіз білесіз бе?» айдары да қарасты-рылған.

Оқу құралында түрік тіліндегі грамматикалық атаулардың, тілдік ережелер мен қағидалардың қазақша берілуі, әрі түрік тілінің әліпбиінен бастап, оның грамматикалық ерекшеліктері, оның ішінде зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік т.б. сөз таптарының жасалуы мен қолданылу ерекшеліктері, лексика грамматикалық категориялары мен түрлері кестелер мен схемалар арқылы көрсетілуі, түрік  тілінің негізгі заңдылықтары мен ережелерін жеңіл игеруге мүмкіндік жасайды. Жаңадан түрік тілін үйрене бастаған студенттер үшін аталмыш оқу құралы  көмекші  бола алады деп сенеміз.

Оқу құралының құрылымы мен мазмұнына қатысты тілек, ұсыныстарыңызды, ескертулеріңізді қуана қабылдаймыз.

**Фил. магистрі аға оқытушы Теменова Г. К.**
**Аға оқытушы Айтақынова Ү. Қ.**